

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/WYSA5149>

***Н. Б. Кыдырбаева¹, Э. Т. Жанысбекова²**

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-4533-6988>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9139-7696>

*e-mail: nkydyrbayeva@gmail.com

ДК. К. РОУЛИНГТИҢ «ГАРРИ ПОТТЕР» ӘДЕБИ ЕРТЕГІ ЖЕЛІСІНДЕ ҒАЖАЙЫП ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Бүгінгі таңда әдеби ертегі қарқынды дамып жатқан жанрлардың бірі. Балалар мен ересектердің жүрегінен орын алып, әлемдік бестселлер туындыларға айналып та үлгеруде. Мақалада әдеби ертегілерде ғажайып ертегілер элементтерінің қолданылуы қарастырылады.

Мақаланың мақсаты ғажайып ертегінің композициялық элементтерін бестселлер туындыларда қолдануын анықтау. Д.с. К. Роулингтің туындысына ертегінің формаларын, элементтерін, мотивтерін, сюжетін анықтауға арналған зерттеу жұмысы жасалды.

Бұл зерттеу жұмысында сапалық әдіс қолданылды, құрылымдылық талдау жасауда В. Я. Пропптың сюжеттік отыз бір функциясы мен ғажайып ертегілерге тән элементтер басшылыққа алынып, мәтінге морфологиялық талдау жасалынды.

Зерттеу барысында Гарри Поттер туындысындағы ғажайып ертегілерге тән сюжеттік композиция оның ішінде ғажайып ертегінің бастапқы және қорытынды формалары, ертегі сюжеті мен мотиві дәлелденді. Морфологиялық талдау ертегінің екі желісінде жасалып, функциялық құрылымы анықталды және морфологиялық символдары көрсетілді.

Гарри Поттер ғажайып ертегілерге элементтері мен сюжеттік мотивтері тән шығарма. Бұл шығарманың балалардың ғана емес, ересектердің де іздеп оқитын ертегісі болуы, біз зерттеп отырған мәселе мен зерттеу жұмыстарының өзектілігін көрсетеді.

Кілтті сөздер: сюжет, элементтер, мотив, әдеби ертегі, бастапқы форма, қорытынды форма.

Кіріспе

Ертегілердің пайда болу тарихы тым тереңде және шамамен алғашқы қауым пайда болғаннан бар деседі [1, 169-б]. Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп, өз құндылығын жойған емес. Тіпті ғылым мен технологияның заманында да ертегілерге деген сұраныс жоғары. Ертегілер мәңгілік, мерзімсіз, қартаймайтын жанрдың бірі [2, 3-б]. Ертегі жанры – аңыздық прозаның дамыған, көркемделген түрі, яғни көркем проза. Оның мақсаты – тыңдаушыға ғибрат беру ғана емес, сонымен бірге эстетикалық ләззат беру. [1, 174-б] Сондықтан да болар ертегілер өзінің өзектілігін жойған емес. Керісінше ертегі жанры дамып, түрленіп жатыр. Алайда, өткен ғасырда әдеби ертегі өкілдері Дж. Р. Р. Толкиен, К. С. Льюис, Урсула Ле Гуиннің туындылары көлемі жағынан ертегі жанры деп есептеу қаншалықты дұрыс?! Осы орайда ертегінің қандай болуы керектігі туралы зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Мысалы, Е. В. Харрис ертегілердің бірі жинақы, екіншісі күрделі болып келеді деп анықтама берді. Ол екі модель де жанр пайда болғаннан бері бар деп жазды [2, 16-б]. Сонымен қатар автор көлемді және күрделі сюжетті ертегілер мен қысқа да нұсқа бірақ ой салатын, тәрбиелік мәні бар ертегілер де бұрыннан бар екенін дәлелдеп берді [2, 17-б].

Ертегілер перілер, оғаш оқиға, кездейсоқтық және ғажайып прогресс туралы ертегі [3, 292-б] немесе эльфтер, хобгоблиндер, айдаһарлар, перілер немесе басқа да сиқырлы тіршілік иелері туралы әңгіме [4, 292-б] деп сипатталады. Уақыттың ағымына қарай эльфтер, айдаһарлар басқа да жаратылыс иесімен алмастырылуы әбден мүмкін. Әдеби ертегі әрқашан өз заманының ертегісі, ертегінің канонын сақтай отырып, сиқырлы ертегілердің өзіндік қоспасы бар туынды және де ертегінің өзгерістерге толы болуы ғажайып емес, себебі бұл жанрдың әлі де дамып келе жатқанын көрсетеді [5, 7-б].

Әдеби ертегіге Л. Я. Брауде «Әдеби ертегі автордың фольклорлық дереккөздерге негізделген немесе жазушының өзі ойлап тапқан көркем прозасы немесе поэтикалық шығармасы, бірақ кез келген жағдайда оның еркіне бағынышты, басымды түрде фантастикалық, ғажайыпты бейнелейтін шығарма ойдан шығарылған немесе дәстүрлі ертегі кейіпкерлерінің шытырман оқиғалары және кей жағдайда балаларға бағытталған, сиқыр, ғажайып сюжетті құраушы фактор рөлін атқаратын шығарма кейіпкерлерді сипаттауға көмектеседі» деген анықтама береді [5, 22-б]. Көрсетілген тұжырымдамаларды негізге ала отырып, ертегілер де өзгеру қасиетіне ие және Чарльз Перро мен ағайынды Гриммдердің ертегілерінен көлемі, сюжеті жағынан өзгеше ертегілер болуы мүмкін екенін жеткізгіміз келеді.

Мақаланың мақсаты қазіргі бестселлер туындыларында кездесетін ғажайып ертегі элементтерін анықтау, Дж. К. Роулингтің Гарри Поттер ертегілеріне морфологиялық талдау жасау.

Материалдар мен әдістері

Бұл зерттеу жұмысында сапалық әдіс қолданылды, мәтінді талдау үшін В. Я. Пропптың сюжеттік функциясы қолданылды, ертегінің басталу және аяқталу элементтері, ертегі композиция анықтау үшін В. Я. Пропптың еңбектеріне негізделді және екі желілік ертегіге морфологиялық талдау жасалды. Морфологиялық талдау ертегілерді ғылыми тұрғыда зерттеу мүмкіндік береді және сюжеттік функцияны анықтауға мүмкіндік берді.

Мақаланың зерттеу материалы ретінде Дж. К. Роулингтің Гарри Поттер кітабының әйгілі желісі тандалды.

Нәтижелер және талқылау

Орыс фольклорының өкілі Владимир Пропп ертегілерді зерттеуде өте үлкен еңбектер жасаған және сол еңбектерге негізге ала отырып, әдеби ертегілерді де зерттеуге мүмкіндік туады. В.Пропп «Ертегінің морфологиясы» атты еңбегінде ертегіге жан-жақты тоқталады. Оның зерттеуі бойынша ертегі-жеке ертегі мотивтері мен элементтерінің нұсқаларының тізбегі. Кейіпкерлердің есімдері мен атрибуттары өзгереді, бірақ олардың әрекеттері мен функциялары өзгермейді [6, 38-6]. Сондай-ақ, функцияның мотивтер мен элементтер ретінде бірдей болуы мүмкін. Кейіпкерлердің функциясы Веселовскийдің мотивтерін немесе Бедье элементтерін алмастыра алатын компоненттер [6, 39-6].

Ертегі композициясы неғұрлым күрделі болса, оның функционалдық элементтері соғұрлым күрделі болады, ал уақыттың әртүрлі кезеңге ауысуы, әртүрлі кейіпкерлердің оқиғасын туындатады. Ертегінің функционалдық элементтері белгілі элементтер шеңберін құрайды және сол шеңбердегі элементтер ертегі композициясын деген атқа ие. Өз кезегінде осы композициялық элементтерді ертегілерді зерттеуде басты назарға аламыз. В.Пропп «Ертегінің тарихи тамыры» атты кітабында ертегі кейіпкерлеріне берілетін сиқырлы сыйлықтың болуы және осы сиқырлы сыйлық арқылы кейіпкер өз мақсатына жетеді деп жазады [7, 144-6]. Әдетте бұл сақина, шар. Гарри Поттер кітабында бұл таяқша және ол сиқырлы таяқша. Гарриге сиқырлы таяқша әрқашан ең қиын кедергілерді жеңуге және тірі қалуға көмектеседі.

«Кішкентай балалар үшін Гарри Поттер кітаптары ертегі сияқты. Олар Волдеморт сияқты зұлым кейіпкерлер мен Альбус Дамблдор сияқты жақсы кейіпкерлері бар сиқырлы әлемде бейнелеген. Тіпті су перісі, бір мүйізді айдаһарлар, тролльдер, жетімдер мен бақсылар да бар. Осылайша, жасөспірімдер кітапты ертегілер әлемінің бір бөлігі деп таниды, ал Гарриді жас Джек сияқты ертегі немесе халық ертегісінің кейіпкері ретінде таниды, ол бірнеше ережелерді бұзуы мүмкін, бірақ негізінен жақсы және тапқыр, бұл оған әрбір кітаптың соңында жеңіске жетуге мүмкіндік береді» [8, 89-6].

Гарри Поттерде кездесетін тағы бір ертегінің элементі «барып қайту немесе қайтадан оралу» құрылымы орын алуы. Нақтырық айтсақ, оқиға желісі аяқталғанымен қайтадан сол жерден жалғасын табады не қайтадан басталады. Ғажайып ертегілерде көбінесе адасып кеткен балалардың үйге барар жолын тапқандай басталған сәтке оралады, Гарри Поттер болса Хогвартстағы оқу жылынан кейін Дурслиге оралады.

Ертегінің басталуы және оның аяқталуы өзіне тән ерекшелікті қатаң формулаларды ұстанады. Нақтылап айтқанда, мұндай формулалар адресаттың санасын сиқырлы, ғажайып әлемге бағыттайды. В. Я. Пропп орыс және ағылшын формулалары жиі ұқсас болып келеді деген, ал орыс ертегілері болса қазақ ертегілеріне ұқсас жерлері бар.

Н. М. Ведерникова бір мәтін немесе сөз тіркесі ертегі композициясында бірнеше рет қайталануы мүмкін екенін айтады, өйткені ол ертегі жанрына жататынын растайды [9, 69-б].

Гарри Поттер оқиға желісінде де жиі қайталанатын сөз тіркестері бар және ол тіркестер ертегілерге тән қасиеттер. Мысалы:

Harry Potter wasn't a normal boy. Harry Potter was a wizard- a wizard from... Hogwarts School of Witchcraft and Wizardry or He (Voldemort) is the most evil, horrible dark wizard that has ever existed in the whole world... [10, 552-б]

Ертегі мотивтерінде үш саны жиі кездеседі: үш ұл, үш тапсырма, үш сапар, үш кездесу, үш арман-тілек және тағы басқа. Үш еселеу ертегінің әрекетін дамытуға қызмет жасап, оқырманның қызығушылығын оятады. Гарри Поттер оқиғасында да үш саны кездеседі. «*There were once three boys who were traveling along a lonely, winding road at twilight*» [10, 470-б]

Шығарманың басы мен соңын анықтайтын элементтер қазақ тілінде «Баяғыда бір...», орыс тілінде «Жили-были...», ал ағылшын тілінде «*There were/lived...*» деп басталады, бірақ бұл құрылым басақа түрде берілуі мүмкін. Мысалы: «*Mr. and Mrs. Dursley, of number four, Privet Drive...*»

Баланың болуы және болмауы, өмір сүру құралдары, басқа деңгейге немесе өтуге өту үшін өтпелі кезең ретінде қызмет ететін өмірлік маңызды нәрсе. Шын мәнінде, құрылым элементі кейіпкер туралы көбірек ақпарат береді және оқырмандардың назарын аударады. Дж. К. Роулингтің жаратылысы туралы оқиға былай басталады:

«He'd lived (Harry) with the Dursleys almost ten years ...ever since he'd been a baby and his parents had died...», [11, 39-б]. «Harry was used to spiders, because the cupboard under the stairs was full of them, and that was where he slept», [11, 27-б] «...all he (Harry) had to wear were old clothes of Dudley's», [11, 19-б]. The Dursleys often spoke about Harry...as though he was something very nasty that couldn't understand them, like a slug» [11, 36-б].

Ертегінің тағы бір ерекшелігі-жалпылау. Ертектілер ұсақ-түйекке мән бермейді, көп жағдайда қарапайым сын есімдер қолданылады. Әдетте ханшайым әдемі, айдаһар қорқынышты, құдіретті патша бейнелері беріледі. Дж.К.Роулингтің шығармалар желісінде де сол ұстаным қолданылған. Кейіпкер Ронның таңқаларлық физикалық және бет әлпетіне назар аударылады:

«He was tall, thin, and gangling, with freckles, big hands and feet, and a long nose» [12, 156-6].

Кейіпкер Люпинді де дәл сол ұстаным бойынша сипаттайды:

«The stranger was wearing an extremely shabby set of wizard's robes that had been darned in several places. He looked ill and exhausted. Thought quite young, his light brown hair was flecked with gray» [12, 266-6].

Сириус Блэктің бет ерекшеліктері:

«A mass of filthy, matted hair hung to his elbows. If eyes hadn't been shining out of the deep, dark sockets, he might have been a corpse. The waxy skin was stretched so tightly over the bones of his face, it looked like a skull. His yellow teeth were bared in a grin. It was Sirius Black»

Elements of fairy tale about time is common for English fairy tale» [13, 30].

«When Mr. and Mrs. Dursley woke up on the dull, gray Tuesday our story starts» [11, 4-6].

Уақыт кеңістігіне байланысты ертегі элементтерінде кездестіруге болады:

«When Mr. and Mrs. Dursley woke up on the dull, gray Tuesday our story starts» [11, 4-6].

Ертегілерде мекен-жайдың атауы берілмеуі мүмкін, берілген жайғайда да қай жерде орналасқаны, нақты ақпарат берілмейді. Оқып отырған адам аталған мекен жайлы қанық болғанымен, нақты орналасқан жерін білмейді. Алайда, біздің кеңістікте бір жерде орналасқанын білеміз. Дәл осылай Гарри Поттерде де орын алады. Хогвардтың бар екенін білеміз бірақ нақты мекен-жай белгісіз.

«Funny way to get a wizards' school, the train ...and where is this school, anyway?» «I don't know», said Harry, realizing this for the first time», [14, 108-6] «the magic schools like Durmstrang and Beauxbatons conceal their whereabouts... Hogwarts is hidden too. It might have Muggle-repelling charms on it and to keep foreign wizards from finding it, they'll have made it unplotable» [11, 65-6].

Әдетте ертегілер бақытты күйде аяқталады. Алдынан шыққан қиыншылықтардан зардап шегіп соңында, ғашығымен қайтадан қауышады немесе сүйіктісін кездестіріп, той болады. Әр Гарри Поттер кітабы аяқталғанда жақсы аяқталумен бітеді, тыныштық орнап, зұлымдықты жеңеді.

«He (Harry) risked his own life to return Cedric's body to Hogwarts. He showed ...the sort of bravery that few wizards have ever shown in facing Lord Voldemort», [14, 284-6] «You will both receive Special Awards for Services to the school. You must have shown me real loyalty down in the Chamber...» [14,332-6].

Гарри Поттердің соңғы кітабында барлығы бақытты, жұбайы мен балалары бар ертегінің манифест элементтері көрсетілген.

«The five Potters approached the barrier...the readheaded girl trailed behind her brothers, clutching her father's arm» [10, 397-6].

Гарри Поттер кітабының әрбір бөлігінде көрсетілген басты кейіпкерді немесе кейіпкерді үйге қайтарудың соңғы формалары. Мысалы, in the part of Harry Potter and the Deathly Hollows:

«...the train sped them southward away from Hogwarts back to King's Cross ... Uncle Vernon was waiting beyond the barrier...»;

Harry Potter and the prisoner of Azkaban: «Too soon, it was time for the journey home on the Hogwarts Express»;

Harry Potter and Philosopher's Stone: «It took quite a while for them all to get off the platform. A wizened old guard...let them go through the gate in twos and threes so they didn't attract attention... and alarming the Muggles. It was Uncle Vernon, still purple-faced...still looking furious at the nerve of Harry...Behind him stood Aunt Petunia and Dudley, looking terrified at the very sight of Harry»;

Harry Potter and the Order of Phoenix: «Even Harry managed to forget about the journey back to the Dursleys the next day as he ate, drank, talked, and laughed with the rest. As the Hogwarts Express pulled out of the station the next morning...»;

Harry Potter and the Goblet of Fire: «It was with a heavy heart that Harry packed his trunk up in the dormitory on the night before his return to Privet Drive»;
«Harry leaned an inch or so to the left to see where Mad-Eye was pointing and there, sure enough, were the three Dursley, who looked positively appalled to see Harry's reception committee»;
«...the Hogwarts Express would be leaving an hour after the funeral».

Дәл сондай ертегі соңын білдіретін элементтер Гарри Поттер кітаптар желісінде Гарри мен достарының оқу жылын аяқтау кешінде мектеп басшысының олардың үлгерімі жайлы айтқанда:

«You've got to be up for the end-of-year feast tomorrow» It was desksed out in the Slytherin colors of green and silver to celebrate Slytherin's winning the house cup for the seventh year in a row. Dumbledore arrived moments later and started his speech...»; [14, 376-6] «Gryffindor House had won the House championship for the third year running. This meant that the end of term feast took place amid decorations of scarlet and gold...»; [11, 565-6] «He (Harry) was dreaming the Leaving Feast, which was usually a cause for celebration...The great Hall was

normally decorated with the winning House's colors for the Leaving Feast... Professor Dumbledore, who stood up at the staff table preparing for making a speech» [11, 283-6].

Қорытындылаушы элементтер сюжетті орналастырудың аяқталу сәтіне ерекше назар аударады. Гарри Поттер туралы ертегілер жүйесінде элемент кейіпкердің бақсылық пен сиқыршылық мектебіне оралу, достарымен кездесуге деген тұрақты үмітімен байланысты:

«See you over the summer, then. Hope you have a good holiday», said Hermione» [12, 382-6]; «Harry was watching Hogwarts disappear from view behind a mountain. Two whole months before he'd see it again...»; «Harry, you've got to come and stay with us. I'll fix it up with Mum and Dad, then I'll call you» [12, 566-6]; «I think Dumbledore will let you come to us later in the summer. Keep in touch, Harry», whispered Mrs. Weasley. «See you, Harry» said Ron» [12, 566-6].

Гарри Поттер кітабы көркем әдебиет болғанымен, әңгіменің қиял ғажайып ертегілерге тән элементтері басым болғандықтан, оқырман ғажайып ертегі оқығандай әсер алады. Демек, оқырман оның ертегі екенін түсінеді. . Ертегінің аяқталу элементі Гарри Поттерде жоқ екенін атап өткен жөн. Дж.К.Роулинг Дж.К. Роулинг оқырмандардың екі дүниенің өмір сүру мүмкіндіктеріне сенгенін қалайды: шынайы және сиқырлы. Бәлкім, ол Н.А.Акименконың «біздің өміріміз – ертегі» сияқты көрінетін сөзін растағысы келетін шығар. Ал ертегі – тілмен бейнеленген өмір».

Гарри Поттер ертегілер желісіне морфологиялық талдау.

«Гарри Поттер және философиялық тас» желісінде Пропттың 19 сюжеттік функциясы анықталды. Бұл функциялар: болмау, тыйым салу, бұзу, барлау, қулық, сыбайластық, зұлымдық, бастапқы қарсы әрекет, кету, 1-ші донорлық функция, кейіпкердің реакциясы, қамтамасыз ету, нұсқау, брендтеу, жою, күрес, әсер ету, жеңіс және қайта оралу, оның морфологиялық таңбалары келесідей: **βγδε2ε1ζ1A14CDEG6J1K5Ex11↑**.

«Гарри Поттер және құпиялар палатасы» желісінде 21 функция анықталды. Бұл функциялар болмау, тыйым салу, бұзу, барлау, жеткізу, қулық, сыбайластық, зұлымдық, жетіспеушілік, делдалдық, қарсы әрекет, 1-ші донорлық функция, кейіпкердің реакциясы, сиқырлы агентті алу, басшылық, күрес, жеңіс, құтқару, тапсырма және Шешім, оның морфологиялық таңбалары келесідей: **βγδε2δε3ζA1aBCDEF5G3H2I2Rs1MNQ1**.

Қорытынды

Қорытындылай келе, ертегі элементтері Гарри Поттер сериясында әртүрлі формада пайда болады, оларға құрылымдық, тақырыптық түрде әсер етті. Келтірілген мысалдарға қарап, ертегі элементтері Гарри Поттерде де халық ертегілеріндегідей мақсатпен қолданылғаны байқалады. Олардың

қызметі сюжетті байыту, оны болжауға болмайтын етіп жасау және асыра мысалдар арқылы біздің әлемнің ізгілігі мен жаман жақтарын көрсету.

Біз Гарри Поттер кітаптарындағы ертегінің бастапқы және қорытынды элементтерін атап өткіміз келеді, олар әңгіменің ертегі элементтеріне негізделгенін анықтайды. Бастапқы және қорытынды формалар ертегі мәтінінің негізін құрайды. Бастапқы формалар сиқырлы ертегі өмірінің нұсқаларын беретін кейіпкер, уақыт, жер туралы әңгімелеуге ықпал етеді. Қорытынды формалар барлық қиындықтарды бастан кешіретін және барлық кедергілерді жеңетін кейіпкердің нәтижелерін білдіреді. Сенімділік элементтерімен бірге олар әдеби ертегі кейіпкерлері өмір сүретін дүниені ашып, түсіндірудің соңғы шеңберін құрайды. «Гарри Поттер және философиялық тас» және «Гарри Поттер және құпиялар палатасы» желілерінде сюжеттік функция саны анықталды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Қасқабасов, С. А.** Таңдамалы, бірінші том. [Текст] – Астана : Foliant баспасы, 2014. – 320 с.

2 **Harries, E. W.** Twice upon a time woman writers and the history of the fairy tale. [Text]. – Princeton university press, 2001. – 232 p.

3 **Fowler, H. W., Fowler, F. G.** The Concise Oxford Dictionary of Current English. [Electronic resource]. – Oxford, – 1919 <https://archive.org/details/con00ciseoxforddicfowler/page/n5/mode/2up>

4 Merriam-webster [Electronic resource]. – <https://www.merriam-webster.com/dictionary/fairy%20tale>

5 **Брауде, Л. Ю.** К истории понятия литературная сказка. [Text] : – Известия АН СССР. Сер. литературы и языка. 1977. – 234 с.

6 **Пропп, В. Я.** Морфология волшебной сказки. [Text]. – СПб. : Азбука, Азбука-Аттикус, 2022. – 256 с.

7 **Пропп, В. Я.** Исторические корни волшебной сказки. [Text]. – Москва : Изд-во АСТ, 2021. – 544 с.

8 **Lana, A.** Whited «The Ivory Tower and Harry Potter’s perspectives and Literary. [Text]. – University of Missouri Press, 2004. – 418 p.

9 **Ведерникова, Н. М.** Русская народная сказка. [Text]. – М., Изд-во Наука, 1975. – 136 с.

10 **Rowling, J. K.** Harry Potter and the Deathly Hollows. [Text]. – Arthur A. Levine Books, 2007. – 780 p.

11 **Rowling, J. K.** Harry Potter and the Philosopher’s Stone. [Text]. – Bloomsbury, 2014. – 223 p.

- 12 **Rowling, J. K.** Harry Potter and the Prisoner of Azkaban. [Text]. – Scholastic, 1999. – 448 p.
- 13 **Rowling, J. K.** Harry Potter and the Order of Phoenix. [Text]. – Scholastic, 2003. – 870 p.
- 14 **Rowling, J. K.** Harry Potter and the Goblet of Fire. [Text]. – Scholastic, 2002. – 636 p.

References

- 1 **Kaskabasov, S. A.** Tandamaly, birinshi tom [Selected, first volume]. [Text] -Astana: Folian Press, 2014. – 320 p.
- 2 **Harries, E. W.** Twice upon a time woman writers and the history of the fairy tale. [Text] – Princeton university press, 2001. – 232 p.
- 3 **Fowler, H. W., Fowler, F. G.** The Concise Oxford Dictionary of Current English. [Electronic resource]. – Oxford, – 1919 <https://archive.org/details/con00ciseoxforddicfowlrich/page/n5/mode/2up>
- 4 Merriam-webster [Electronic resource]. – <https://www.merriam-webster.com/dictionary/fairy%20tale>
- 5 **Braude, L. U.** K istorii ponytiya literanurnaya skazka [On the history of the concept of literary fairy tale] [Text] USSR, 1977. – 234 p.
- 6 **Propp, V. YA.** Morphologiya volshebnoi skazki [Morphology of a fairy tale] [Text] -SPb. : Azbuka, Azbuka-Attikus, 2021. – 256 p.
- 7 **Propp, V. Ya.** Istoricheskie korni volshebnoi skazki [Historical roots of a fairy tale] [Text] – Moskva : AST, 2021. – 544 p.
- 8 **Lana, A.** Whited «The Ivory Tower and Harry Potter’s perspectives and Literary. [Text] – University of Missouri Press, 2004. – 418p.
- 9 **Vedernikova, N. M.** Russkaya narodnaya skazka [Russian folktale] [Text] – Moskva : Nauka, 1975. – 136 p.
- 10 **Rowling, J. K.** Harry Potter and the Deathly Hollows. [Text] – Arthur A. Levine Books, 2007. – 780 p.
- 11 **Rowling, J. K.** Harry Potter and the Philosopher’s Stone. [Text] -Bloomsbury, 2014. – 223 p.
- 12 **Rowling, J. K.** Harry Potter and the Prisoner of Azkaban. [Text] – Scholastic, 1999. – 448 p.
- 13 **Rowling, J. K.** Harry Potter and the Order of Phoenix. [Text] -Scholastic, 2003. -870 p.
- 14 **Rowling, J. K.** Harry Potter and the Goblet of Fire. [Text] – Scholastic, 2002. – 636 p.

10.04.24 ж. баспаға түсті.

08.10.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Н. Б. Кыдырбаева¹, Э. Т. Жанысбекова²

^{1,2}Казахский национальный

университет имени аль-Фараби,

Республика Казахстан, Алматы.

Поступило в редакцию 10.04.24.

Поступило с исправлениями 08.10.24.

Принято в печать 25.11.24.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВОЛШЕБНЫХ ЭЛЕМЕНТОВ В СЕРИИ ЛИТЕРАТУРНОЙ СКАЗКИ «ГАРРИ ПОТТЕР» ДК. К. РОУЛИНГ

Аннотация. Сегодня литературная сказка является одним из бурно развивающихся жанров. Она завоевала место в сердцах детей и взрослых и уже становится мировым бестселлером. В статье рассматривается использование элементов сказки в литературных сказках.

Цель статьи – определить использование композиционных элементов волшебной сказки в произведениях-бестселлерах. Исследовательская работа была проведена по определению форм, элементов, мотивов, сюжета сказки Джоан Роулинг.

В данной исследовательской работе использован качественный метод, структурный анализ опирается на тридцать одну сюжетную функцию В. Я. Пропта и элементы, характерные для волшебных сказок, произведен морфологический анализ текста.

В ходе исследования была доказана характерная для волшебных сказок о Гарри Поттере сюжетная композиция, включающая начальную и конечную формы волшебной сказки, сюжет и мотив сказки. В двух строках сказки произведен морфологический анализ, определена функциональная структура и показаны морфологические символы.

«Гарри Поттер» – произведение с элементами и сюжетными мотивами, характерными для волшебных сказок. Тот факт, что данное произведение является сказкой не только для детей, но и для взрослых, показывает актуальность изучаемой нами проблемы и исследования.

Ключевые слова: сказка, элементы, мотивы, литературная сказка, начальная форма, конечная форма.

*N. B. Kydyrbayeva¹, E. T. Zhanysbekova²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 10.04.24.

Received in revised form 08.10.24.

Accepted for publication 25.11.24.

THE USE OF MAGIC ELEMENTS IN DK. K. ROWLING'S LITERARY TALE SERIES «HARRY POTTER»

Abstract. Today, the literary fairy tale is one of the rapidly developing genres. It has won a place in the hearts of children and adults and is already becoming a global bestseller. The article discusses the use of fairy tale elements in literary fairy tales.

The purpose of the article is to determine the use of compositional elements of a wonderful fairy tale in best-selling works. Research work was carried out to determine the forms, elements, motifs, and plot of JK Rowling's fairy tale.

In this research work, a qualitative method was used, structural analysis was based on thirty-one plot functions of V. Ya. Propp and elements characteristic of wonderful fairy tales, and a morphological analysis of the text was performed.

The study proved the plot composition characteristic of fairy tales about Harry Potter, including the initial and final forms of the fairy tale, the plot and motive of the fairy tale. In two lines of the tale, a morphological analysis was carried out, the functional structure was determined and morphological symbols were shown.

«Harry Potter» is a work with elements and plot motifs characteristic of fairy tales. The fact that this work is a fairy tale not only for children, but also for adults, shows the relevance of the problem and research we are studying.

Keywords: fairy tale, elements, motifs, literary fairy tale, initial form, final form

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz